

Ежелгі әлемдегі есеп

Орындаған:

Тұрсын Әділет

Еңсепов Мақсат

Аманжолов Райымбек

ЕСЕП ҚАШАН ПАЙДА БОЛҒАНЫН ТУРА ТАУЫП АЙТУ
МҮМКІН ЕМЕС. ОНЫҢ ПАЙДА БОЛУЫНЫҢ АЛҒЫ
ШАРТЫ – АДАМДАР АРАСЫНДАҒЫ
ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАРДЫҢ ДАМУЫ.

$$\begin{aligned}1 \times 8 + 1 &= 9 \\12 \times 8 + 2 &= 98 \\123 \times 8 + 3 &= 987 \\1234 \times 8 + 4 &= 9876 \\12345 \times 8 + 5 &= 98765 \\123456 \times 8 + 6 &= 987654 \\1234567 \times 8 + 7 &= 9876543 \\12345678 \times 8 + 8 &= 98765432 \\123456789 \times 8 + 9 &= 987654321\end{aligned}$$

МАТЕМАТИК КЗ

[HTTP://JPG-1.COM/](http://JPG-1.COM/)

Бухгалтерлік есептің пайда болып, қалыптасуын мынадай кезеңдерге бөлуге болады:

— Ежелгі дүние.

— Ортағасырлық.

— Ренессанс пен қосарлы бухгалтерияның пайда болуы.

— Ғылымның пайда болуы. XIX г. екінші жартысы.

— XX ғ. — бухгалтерлік есептің үдемелі (интенсивті) дамуы.

Ең ерте шаруашылық есептер шумер цивилизациясының гүлдену уақытына, яғни б.з.б. 6,0-6,5 мыңжылдыққа жатады. Осы уақыттан бастап цивилизацияның дамып көркеюі шаруашылық есептің дамуымен қатар жүрді. Шаруашылық есептің дамуы материалды өндіріс салаларына позитивті ықпал жасап, оның дамуына үлесін қосты. Ежелгі заманның ең көрнекті шаруашылық есеп жүргізу жүйелері Вавилон, Египет, Персия, Греция, Римге тән болды. Материалды өндірістің жоғары деңгеймен дамуы, қоғамдық қатынастардың алға жылжуы шаруашылық есептің азаматтық мүлік және мүлік құқығына байланысты дамуына себеп болды.

Ежелгі Вавилонда шаруашылық есептің негізгі объектісі болып ауыл шаруашылық саласы және оның нәтижелері саналды. Есепті жүргізу үшін алаңдар қолданылды. Ол жерде ауыл шаруашылығына қатысты маңызды мәліметтер көрсетілді. Малдардың жас бойынша классификациясы (жас, орта, кәрі), өнімділігі бойынша реттілігі, жұмыс тиімділігі, иелерге берілетін ақпараттар жүргізілді.

Ерекше назар еңбек классификациясына аударылды. Жұмыс уақыты, жұмыс жасау шарттары және жағдайлары, төлем ақысы көрсетілді. Жұмысшылар жас, еңбек категориясы, еңбек партияларына жіктелді. Есеп арнайы тағайындалған адамдар арқасында жүргізілді. Есеп натуралды және натуралды-шартты түрде жүргізілді.

Ежелгі Египеттегі есеп жүйесінің дамуы

Бірнеше мың жыл бұрын адамдар папирус жасап үйренді. Кейін шарушылық өмір деректерін папирус орамдарында (бос беттер) тіркеді. Орамдардың ұзындығы 4-5м., биіктігі 24-18 см. құрады. Жазба қара және қызыл бояумен жүргізілді. Папирустың формасы кестелік нұсқада көрсетілді. Египеттік жазушылар бағана бойынша әртүрлі құндылықтардың атауын, ал жолдары бойынша олардың сандық қозғалысы болған күндерін жазды. Сол кездегі ең үлкен кестеде 87 бағана болды.

Негізгі есептік тәсіл түгендеу болды.


1 және 2 әулиеттер кезінде әрбір екі жыл сайын қолғалатын және қозғалматын мүліктерге түгендеу жүргізіп тұрды. 4 әулиет кезінде түгендеу ағымдағы есеппен алмастырылды.

Шарушылақ өмір деректері 3 толғамен рәсімделді. Біреуі жіберуге тиісті құндылықтардың санын папируста белгіледі, екіншісі қасында нақты жіберілуін қойып отырды және үшінші сандарды салыстырып тексерілген құжатарды ұзына бойына сызып табылған ауатқулар туралы белгі қойып отырды.

Ежелгі Римдік бухгалтерияның есептік регистрлер жүйесінің алғашқы кітап *Adversaries* болды, ол шаруашылық өмірдің фактілерін күнделікті жазуға арналған болатын. Ол кітап кейін Мемориалдық деп аталды. Тағы да екі кітапты (кодексті) атап өту керек, ол: *Codex accepti et* және *Codex rationum domesticorum*. Зерттеушілер бұл кодекстің біріншісін журналмен, ал екіншісін Бас кітаппен байланыстырды.

Вавилондағы бухгалтерлік есептің даму тарихы

Вавилон «карточкадағы есеп» отаны болды. Карточкалар пластинка түрінде жұмсақ әрі ылғал саз балшықтан жасалды. Саздың ылғал бетіне қамыс тайақшалармен жазба жазылды, одан кейін құжаттар күнге немесе отқа кептірілді.



Матерналды құндылықтар беру фактісі жапырақ (папирус) қағазына уш адамның катысуымен: бірінші адам, жапырақ кагазға берілетін құндылықтың санын: екінші адам. нақтылы берілген кундылықтың санын; ал үшінші адам, берілетін және берілген кундылык айырымын шығарып жазатын болған. Ең негізгі максат-материалды құндылықтар козгалысының күн сайынғы калдығын анықтап отыру еді. Есел жұмыс- сын осылайша жүргізу ге кызмет көлемі аз ғана шаруашылықтар деңгейінде жүргізілген. Жұмыс күні аяқталғаннан соң әрбір беруші мен алушы жақтар бойынша кундылықтардың жеке-жеке атаулары көрсетіліп. бұлардың козғалысы жөніндегі қорытынды есеп жасалынып отырды. Қорытынды есел жасау үшін арнайы құрылған үлгі қағаздын әрбір бетіндегі жазулар жеке жинакталығы. бұдан сон жалпы жинак шығарылып тұрған.

Құндылықтардың жеке атауларына сай кіріс-шығыс құжаттары жасалынып. мұндағы мәліметтерді жскслеген толтарға топтастырылып жазыла бастаған. Яғни, айналым кужаты жасалып. бастапкы калдыкка осы күнгі косылған құндылык саны косылыл. бұдан жұмсалган немесе берілген құндылықтар саны шегеріліп. соңғы калдык шығарылған. Сонғы калдык жазудын нәтижесі колда бар құндылықтар санымен гугенделіп. салыстырылып отырған. Құндылықтар жонінде жазылған мәлімет пен колда бар құндылықтар санынын айырымы болған жағдайда мұның себебі аныкталыл. кімнің кінәлі сксндігі белгіленетін болған. Есеп жұмысын осылайша жүргізіп. тексеру мен салыстыру нәтижесінде синтетикалык жинактау және аналштікачык жіктеу шоттарыныі пайда болуы да мүммкін. Мысалға. арпа. бидай. жүгері. күріш т.б. дәнді дакылдардын жекелеген есебі «дәнді дакылдарға» арналған синтетикалык жинакгау есебінің ісұрамында жургізілген. Яғни. синтетикалык жинактау және аналитикалык жіктеу шоттарының калдығы бірден болатындығы дәлелденген.